Ембінің байырғы кеніштерінде жаңа әдістер мен технологиялар мұнай өндіруге қалай көмектеседі? 3

Ардагерлерге қолдау көрсету - еңбекке деген құрмет 4

Мұнайшы қыздардың еңбегіне - жоғары марапат 5

Первые нефтеперегонные заводы на Эмбе и почему задерживалась зарплата нефтяникам 6

Ембі тынысы

№18 (58)
қыркүйек
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

1 қазан - Халықаралық қарттар күні

Құрметті ардагерлер!

Қазан – қайырымдылық айы. Қайырымдылық – халқымыздың ежелден қанына сіңген, салтына еніп, дәстүріне айналған игі шара. Адам баласының бойындағы ең асыл қасиет, ізгіліктің бастауы. Адамдардың бір-біріне деген құрметі мен сыйластығының жиынтығы.

Халқымызда «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген дана сөз бар. Үлкенге қашанда құрметпен қараған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы бүгінде Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуына зор үлестерін қосқан 2000-нан астам ардагеріне жақсылық жасап, қамқорлыққа алуды парыз санайды. Бұл орайда, ембілік мұнайшылар ардагерлеріне ұдайы әлеуметтік көмектер көрсетіп келеді.

Ембілік ардагерлер мемлекеттік мерекелерде сыйақылармен, емдеу-сауықтыру орындарына арналған жолдаманың және жылдық баспасөзге жазылу қаражатымен, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері Жеңіс күніне орай ақшалай төлемдермен қамтылып отыр. Сонымен қатар, ардагерлердің денсаулықтарына орай қажетті дәрі-дәрмектері, тиісті ем алулары Компания есебінен қарастырылады. Бұл - компанияның өз ардагерлеріне көрсеткен құрметі.

Тарихқа көз салсақ, Ембі өндірісі талай қиындықтардан өтті. Сол кездерде өндірісте еңбек еткен аға буын бастаған істерін тиісті нәтижеге дейін жеткізіп, үлкен жауапкершілікті мойындарына алған болатын. Мойымады, жасымады. Сол жасампаз еңбектің арқасында Ембі өндірісі күні бүгінге өнім өндіріп, ел қазынасына үлес қосып келеді.

ҒҰМЫРЫНЫҢ САН ЖЫЛДАРЫН ЕМБІ ӨНДІРІСІНЕ АРНАҒАН ҚҰРМЕТТІ МАЙТАЛМАН МҰНАЙШЫЛАР!

Сіздерге деген біздің құрметіміз шексіз. Сіздерге арналған біздің көмегіміз жалғаса бермек. Болашақ ұрпақтың игілігі үшін еткен еңбектеріңізді біз ешқашан ұмытпаймыз. Сіздерге бек рахмет!

Ізгі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы
Есен ҚАЙЫРЖАН

ҚМГ Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамасына қосылды

2020 жылғы 14 қыркүйекте Баку қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы, BP Exploration (Caspian Sea) Limited, Equinor Apsheron AS және TOTAL E&P Absheron B.V. компаниялары арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамаға (Caspian Environmental Protection Initiative — «CEPI») жол ашады. Бастаманың негізгі мақсаты ретінде қоршаған ортаны қорғауға және халықаралық мұнай компаниялары шоғырланған өңірде қолданылатын бірлескен зеттеулерге арналған алғашқы платформаны құру жарияланды. Оған қосылуға ниет білдірген компаниялар Каспий өңірінің экологиялық тұрақтылығына қауіп төндіретін климаттың өзгеруі мәселелерін шешуде күш біріктіреді, сондай-ақ қоршаған ортаға парник газдары мен зиянды заттардың шығарылуын алдын алу үшін бірлесіп белсенді әрекет ететін болады. Бұдан бөлек, CEPI аясындағы ынтымақтастық қоршаған ортаны қорғау саласындағы озық тәсілдерді, стандарттар мен технологияларды зерттеу мен қолдауды, климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша ортақ алдын алу шараларын әзірлеу мен іске асыруды, ақпараттық-танымдық және насихат жұмыстарын ұйымдастыруды, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне атсалысуға өңірдегі мүдделі тараптар мен реттеуші органдарды тартуды және т.б. көздейді.

«ҚазМұнайГаз» климат, қоршаған ортаны қорғау, жер бетіндегі тіршілікті сақтап қалу сияқты экологиялық бағыттарға жіті назар аударады. 2028 жылға дейінгі Даму стратегиямызда тұрақты даму негізгі міндеттердің бірі ретінде анықталған болатын. Бұл бастама өзара ықпалдастықты орнату мен тәжірибе алмасудың алаңына айналып, Каспий өңіріндегі табиғатты қорғау мәселесінде бірлескен іс-қимылдың маңызды қадамы болатынына сенімдімін», – деді ҚМГ Басқарма төрағасы **Алик Айдарбаев**.

CEPI бастамасына қатысу жоғарыда аталған қызметті жүргізу үшін нақты жауапкершілікті, белгілі бір міндеттерді немесе уақыт шектеулерін жүктемейді. Бұл ретте CEPI құрамына басқа да компаниялар қосыла алады.

www.kmg.kz

ҚМГ «Прогреске ұмтылу» атты 2019 жылдың Тұрақты даму туралы есебін шығарды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырысында 2019 жылғы Тұрақты даму туралы есебі бекітілді.

ҚМГ жыл сайын Тұрақты даму туралы есебін жариялап келеді. Аталған құжат Біріккен ұлттар ұйымының Жаһандық келісімшарты аясындағы ілгерілеу туралы және Тұрақты даму саласындағы жаһандық мақсаттарға жетудегі Компанияның аяқалысы жөніндегі ҚМГ хабарламасы болып табылады.

2019 жылдың Тұрақты даму туралы есебі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелердің көрсеткіштерін ашып көрсетеді. Соның ішінде тұрақты даму тұрғысынан елеулі тұстарын: қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, қызметкерлерге жұмсалған инвестициялар, қызметін жүргізетін өңірлердің дамуына жәрдемдесу бойынша ақпарат берілген. 2019 жылға арналған тұрақты даму саласындағы мүдделі тараптар картасын және маңызды тақырыптардың матрицасын қамтиды.

Есеп GRI Standards тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленіп, GRI Materiality Disclosures Service маңыздылығын анықтау процесінің тексеруінен өтті.

Барлық тараптардың мүдделерін ескерудің маңызын ұғына отырып, біз кері байланысты ұйымдастыру үшін жыл сайын сауалнама жүргіземіз. Мұндай тәжірибе Есептің мазмұнын жақсартуға, сондай-ақ, Компанияның тұрақты даму мәселелері бойынша қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптардың хабардар болу деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді.

www.kmg.kz

АО «НК «КазМунайГаз»: Доля местного содержания растёт!

Для обеспечения ясности и прозрачности своей деятельности АО «НК «КазМунайГаз» ежегодно освещает подход компании к устойчивому развитию, социальной, экономической и экологической ответственности. Вот и сейчас КМГ опубликовала отчет об устойчивом развитии за 2019 год.

В отчете КМГ разъяснила, что одним из принципов закупок является предоставление всем потенциальным поставщикам равных возможностей для участия в процессе закупок.

Важный момент: при проведении закупок КМГ отдает предпочтение отечественным товарам и услугам. Так, в 2019 году объем закупок товаров, работ и услуг у компаний – резидентов РК составил более 2 трлн тенге, что составляет 94 процента от общей суммы закупок.

Обеспечивается постоянный рост доли местного содержания: с 75 процентов в 2017 году до 81 процента в 2019-м, что, в принципе, логично. Это сейчас одна из ключевых задач на государственном уровне, которую озвучил в своем недавнем послании президент Касым-Жомарт Токаев.

Небольшая ремарка. Здесь речь идет о совокупной доле местного содержания. Если смотреть в разрезе товаров, работ и услуг, то в закупках товаров местное содержание составило 63 процента, а работ и услуг 83 процента. Рост местного содержания в закупках работ и услуг, а на них приходится более 1,6 трлн тенге, за год составил более 3 процентов.

Как отмечается в отчете, среди основных этапов, которые включает процесс закупок, разработка и утверждение годового (долгосрочного) плана закупок, выбор поставщика, заключение и исполнение договора о закупках. Действующая система закупок товаров предусматривает проведение открытого тендера либо закупок способом запроса ценовых предложений.

Выбор поставщиков КМГ и его ДЗО осуществляется способом проведения открытого тендера, способом запроса ценовых предложений, а также из одного источника в соответствии с методологией закупок товаров, работ и услуг АО «Самрук-Қазына». Все закупки проводятся посредством информационной системы электронных закупок в соответствии с инструкцией по проведению электронных закупок.

www.munailymeken.kz

Компания жаңалығы

ЕМГ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 2023 жылға дейін ұзартылды

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін 2023 жылдың қыркүйек айына дейін бекітті. ЕМГ Директорлар кеңесінің құрамы алты адамнан тұрады: төрт КМГ ҰК өкілі- Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы, Қайыржан Есен Қайыржанұлы, Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы, Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы және екі тәуелсіз директор - Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы, Ізбасов Мақсым Шафихұлы.

Ембінің байырғы кеніштерінде жаңа әдістер мен технологиялар мұнай өндіруге қалай көмектеседі?

Әрбір мұнай-газ компаниясының негізгі күші - көмірсутекті өндіруге тікелей жауапты бөлімі. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның байырғы кен алаңдарында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу қалай жүзеге асуда? Бүгінгі мұнай және газ өндіру департаментінің қызметкерлерімен жүргізілген блиц-сұхбаттың негізгі тақырыбы болып отыр.

Танат СӘРСЕНОВ, мұнай және газ өндіру департаментінің директоры:

- Мұнай және газ өндіру департаментінің міндеттері мұнай мен газды өндіру және дайындау, оларды тауарлық күйге келтіру және тауарлық өнімді құбыр желісі ұйымдарына жеткізу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру кіреді.

Ембі, негізінен өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен орындарын игеру, мұнай мен газ өндірудің тиімділігін арттырудың дәстүрлі емес әдістерін іздеуді және қолдануды қажет етеді.

Департамент командасы енгізген әдістер мен технологиялар өндірістік шығындарды азайтуға және жөндеуаралық кезеңі (бұдан әрі - ЖАК) және тазартуаралық кезеңді (бұдан әрі - ТАК) және т.б. сияқты өндірістік маңызды көрсеткіштерді арттыруға мүмкіндік береді. Соңғы 5 жылда компания мұнай мен газды өндіру және жеткізу бойынша жоспарлы көрсеткіштерге үнемі қол жеткізіп жетіп отырды, ал ЖАК көрсеткіші 270 күннен 331 күнге дейін өсті. Заманауи технологиялар туралы департамент қызметкерлері баяндайды.

Мейрам АНДИРОВ, мұнай және газ өндіру бөлімінің бастығы:

- 2017 жылы терең ұңғымалық сораптарға кешенді қызмет көрсету жүйесі енгізілгеннен кейін ұңғымалар жұмысының тиімділігі артты. Егер бұған дейін бір стандартпен терең сораптар сатып алынған болса, кешенді қызмет көрсету кезінде оларды таңдау әр ұңғыманың сипаттамалары негізінде жүзеге асырылады. Мұндай әдіс штангалық сораптардың қызмет ету мерзімін ұзартуға, ұңғымалардың ЖАК-н ұлғайтуға, өндіруші зауыттың қатысуымен штангалық сораптарға қызмет көрсету жүйесі арқылы сораптарға қызмет көрсетудің үлестік шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта штангалық сораптарды прокаттауды қамту деңгейі 1300 ұңғымаға жетті; ЖАК 275-тен 325 тәулікке дейін өсті, ал жиі жөнделетін ұңғымалар саны 236-дан 153-ке дейін азайды.

Экономикалық тиімділіктердің қатарында штангалық сораптарды сатып алуға арналған операциялық шығындардың азайғанын атап өтуге болады. 2017-2019 жылдардағы үнемдеу көлемі 132 млн 666 мың теңгені құрады.

Берік ЕСМАҒАМБЕТОВ, мұнай және газ өндіру жөніндегі аға инженер:

- Ембілік кен алаңдарында штангалық терең сораптармен жабдықталған мұнай ұңғымалары асфальт-смол-парафинді шөгінділердің (АСПШ) түзілімдерімен қиындатылған кезінде жылу әдісімен жууға арналған қуыс штангалар енгізілді. Олардың артықшылығы – ұңғыманы жуу кезінде жылу тасымалдағыштың (тауарлық мұнайдың) шығыны бірнеше есе азаяды. Сондай-ақ, АСПШ-мен күресуге арналған орталықтандырғыш қырғышы мен айналдырғышы бар штангалар енгізілді. Мұндай штангалар мен қуыс штангаларды пайдалану ыстық мұнаймен өндеуге арналған тауарлық майдың шығынын 35%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Алайда, бұл технологиялар АСПШ түзілімдері бойынша проблемаларды барлық кен алаңдарында шешкен жоқ. Ембі кен орындарындағы мұнайдың физикалық-химиялық қасиеттерін талдау нәтижесінде 2018 жылы ұңғымалық жылытқыштар және жабындылары бар компрессорлық сорап құбырлары (бұдан әрі - КСҚ) өндіріске енгізіле бастады. Оларды енгізудің соңғы 5 жылдағы жалпы нәтижесі – ыстық мұнаймен өндеуге арналған тауарлық майдың шығынын 60%-ға төмендетуге және ТАК көрсеткішін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Сәйкесінше, тауарлық мұнайдың

үнемделген көлемі өткізіліп, компанияға қосымша пайда әкеледі.

Марат НҰРСЕИТОВ, мұнай және газ өндіру бөлімінің аға инженер:

- Бірқатар жыл бұрын өндірісіміздің өзекті мәселесі - технологиялық сапа талаптарын қатаң сақтамай, негізінен, жылжымалы сыйымдылықтар мен агрегаттарда дайындалған ұңғымаларды тұншықтыруға арналған сұйықтық сапасы төмен болды. Оны қолдану нәтижесінде, өнімді қабаттардың фильтрациялық қасиеттері күрт нашарлап, өнім жоғалтуға және жөндеуден кейін ұңғыма дебитінің қалпына келуінің ұзақ кезеңіне әкеп соқты.

Бұл мәселені шешу үшін 2014 жылдан бүгінгі күнге дейін «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-да ұңғыларды тұншықтыру сұйықтығын дайындау үшін 3 тұзды ерітінді желісі енгізілді.

Бұл жоба аясында тұншықтыру сұйықтығын дайындау үшін төмендегі талаптар анықталды: қабатқа қажетті кері қысымды қамтамасыз ету үшін жеткілікті тығыздық, қабаттың коллекторлық қасиетін неғұрлым сақтау, технолгиялық қасиеттерді сақтау (жарылыс және өрт қауіпсіздігі, термиялық тұрақтылық), дайындау және пайдалану кезіндегі технологиялылық және басқа операцияларға сәтті қолдану.

Ұңғыманы күрделі жөндеу жұмыстарынан кейінгі ұңғыма дебитін қалпына келтіруді талдау жұмыстары көрсеткендей, тұзды ерітінді желілері енгізілгенге дейін ұңғымаларды қалпына келтіру кезеңі 4-10 күн болған, ал оларды енгізгеннен кейін көрсеткіш 1-4 тәулікке дейін төмендеген.

Нұрбол АЙТИМОВ, мұнай және газ өндіру жөніндегі инженер:

- 2014-2017 жылдар аралығында Ембі кен орындарының мұнай дайындау пункттерінде мұнай өнеркәсібі үшін отандық химиялық реагенттер өндірушілерінен деэмульгаторлар үлгісі таңдалып алынып, сынақтан өткізіліп және өнеркәсіптік қолдануға қабылданды. Деэмульгаторлар мұнайды дайындау кезінде эмульсияны сусыздандыруға, тұзсыздандыруға және броньды қабатын жойып, оның пайда болуын болдырмау үшін қолданылады. Бұл жұмыс әр кен орны үшін тиімді және үнемді отандық өндіруші таңдау мақсатында жүргізіліп, операциялық шығындарды азайтуға және отандық өндірушілерді қолдауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, деэмульгаторларды сатып алу құны 50% -ға төмендеді, ал енгізудің алғашқы жылындағы үнемдеу көлемі 323 млн теңгені құрады.

Дастан ШАНЕНОВ, мұнай және газ өндіру жөніндегі аға инженер:

- 2019 жылы «Якорь-құбыр ұстау» якорьлық өнімдерді жөндеу және қалпына келтіру жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты - жаңасын сатып алудың орнына якорь-құбыр ұстау өнімдерді қалпына келтіру арқылы операциялық шығындарын азайту. Бұрын тозған якорь-құбыр ұстау өнімдері бөлшектеліп, пайдаланудан шығарылып, металл сынықтарына жіберілетін. Бір якорь-құбыр ұстау өнімінің құны 1 млн 275 мың теңге, ал бір жөндеудің құны 598 мың теңге болатын. Бүгінгі таңда 30-ға жуық якорь-құбыр ұстау өнімі жөнделді. Қалыпқа келтіру жұмыстары жалғасатын болады.

Департамент, сонымен қатар, жыл сайын мұнай-газ өндіру басқармаларында мұнай өндіру және жеткізу процестерін үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында тауарлы-материалдық құндылықтарды сатып алу үшін 500-ден астам техникалық шарттарды жаңартады.

Асқар КЕРЕМҚҰЛОВ, мұнай және газ өндіру жөніндегі аға инженер:

- Мұнай өндіру кезінде ұңғыманың дизайны бойынша нақты есептеулерді ескере отырып, тереңдетілген сорап жабдықтарын дұрыс таңдау өте маңызды. Осы мақсаттарда әртүрлі бағдарламалық кешендер қолданылады. Өндрістік-пилоттық зерттеулер шеңберінде 2019 жылы барлық мұнай-газ өндіру басқармаларында «ROD STAR» (штангалық терең сораптар үшін) және «PC Pump» (электробұрандалы сораптары үшін) бағдарламалар кешені енгізілді. Ағымдағы жылғы оң нәтижелерді ескере отырып, МГӨБ-ға тереңдетілген сорап қондырғыларын өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін 3 «ROD STAR» және 2 «PC Pump» лицензиясы сатып алынды. Департамент Ембі кен орындарындағы мамандарға арналған лицензиялар бойынша жұмысты жалғастырады.

Өтеген БИСЕНОВ, мұнай және газ өндіру жөніндегі аға инженер:

- 2019 жылы КСҚ кешенді қамтамасыз ету қызметі енгізілді, бұл мердігерге осы жабдықты уақытша пайдалануға және кейін жөндеп, техникалық қызмет көрсетуге ұсынуды көздейді. Нәтижесінде, бұған дейін «ақаулы» деп саналған КСҚ-ның басым көпшілігі сәтті жөнделді. Бұған қоса, осындай тәсіл – КСҚ-ның ішкі бетін (ұңғыма өнімінің өту диаметрін) жоғары қысыммен жууға байланысты оны сапалы түрде тазалауға жүзеге асырылады, бұл бұрын мүмкін болмаған еді. Сондай-ақ, құбырлар термоқалыптастырушы жабындымен қапталады. Бұл АСПШ-мен күресуге, ЖАК ұлғайтуға және ұңғыманың өндірілген өнімін бетіне шығарудың гидродинамикалық қасиеттерін жақсартуға көмектеседі. Бұл факторлар жаңа КСҚ-ды сатып алу шығындарын азайтуға септігін тигізді.

Департаменттің бастамасымен жерасты ұңғымаларды жөндеу (бұдан әрі ЖҰЖ) жұмысшыларына сыйақы төлемдерін төлеудің жаңа ережелері енгізілді. Оған сәйкес сыйақы төлемдері бұрынғыдай жөндеу жұмыстарының саны есебінен емес, ЖҰЖ уақытының бекітілген нормасына сәйкес жүзеге асырылады. Нақтырақ айтсақ, егер бригада ЖҰЖ жұмысы кезінде нормативті уақыт нормаларына сәйкес келсе, сәйкесінше сыйақымен марапатталады.

Қайсар ТУЛЕУШОВ, мұнай және газ өндіру департаменті директорының орынбасары:

- Департамент «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының ғылыми-зерттеу институтының (бұдан әрі - Институт) ықпалымен соңғы 5 жыл ішінде («Доссормұнайгаз» МГӨБ-нан басқа (басқарма бойынша бұл жұмыстар 2021 жылға жоспарланған) барлық өндірістік басқармаларда өндіріс жүйесінің жерүсті инфрақұрылымының тиімділігін, ұңғымалық өнімдерді дайындау мен тасымалдауды, сондай-ақ, қабат қысымының ұстау жүйелерін (бұдан әрі ҚҚҰ) тексеру бойынша ауқымды кешенді кезеңдік жұмыстар жүргізілді.

Институт ұсынған қорытындылар негізінде ауыстыруға/оңтайландыруға/модернизациялауға болатын және ешқандай технологиялық немесе техникалық шешімдерді қажет етпейтін ҚҚҰ жүйелерінің объектілері/учаскелері анықталады, яғни, жүйелер тиімді және сенімді жұмыс істейді. Сонымен қатар, осы жұмыстың нәтижелері бойынша 2020 жылға департамент келесі ірі жобалардың техникалық-экономикалық есептеулерінің әр түрлі нұсқаларын жан-жақты жүргізуге бастамашы болды: «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Ақтөбе және Досмұхамбетов мұнай жинау пункттерін оңтайландыру тұжырымдамасы, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Солтүстік Жолдыбай және Шығыс Мақат мұнай дайындау және айдау пункттерін оңтайландыру тұжырымдамасы, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Уаз, Солтүстік Уаз, Шығыс Уаз кен алаңдарындағы жерүсті нысандарды жарақтандыруды оңтайландыру тұжырымдамасы.

Ардагерлерге қолдау көрсету - еңбекке деген құрмет

«Ардагерлер – асыл қазынамыз» деп ұғынатын отандық мұнай өндіруші компания - «Ембімұнайгаз» АҚ-да үлкендерге құрмет, кішіге ізет мақсатында игі шаралар тұрақты ұйымдастырылуда. Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі кен алаңдарының қалыптасып, дамуы жолында ұзақ жылдар еңбек еткен, бар саналы ғұмырын еліміздің мұнай-газ саласына арнаған ардагерлерді ұдайы қамқорлыққа алу, оларға әлеуметтік жеңілдіктер ұйымдастыру тұрақты нәтижесін тауып келеді.

Ембі кен алаңдарының тарихында өзіндік сүбелі қолтаңбалары бар ардагерлер саны бүгінде - 2 мыңнан астам. Ардагер мұнайшыларды үнемі ұлығылап, олардың құрметіне мерекелік шараларды ұйымдастыру соңғы кездеріEmbіде дәстүрге енген жақсы бастама. Майталман мұнайшыларды құттықтап қана қоймай, олардың әрқайсысына ақшалай сый-сияпат жасау тағы бар.

Наурыз мейрамы, еліміздің мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі, Қарттар күні, Тәуелсіздік мейрамы, Халықаралық әйелдер күні, Жеңіс күніне орай ембілік соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне ақшалай қолдаулар көрсетіледі. Бұған қосымша, мерейжас иелеріне, зейнеткер қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне де әлеуметтік көмектер тиесілі. Баспасөзге жазылу, денсаулықтарына байланысты ем алу, қажетті дәрі-дәрмектермен қамтылу, сауықтыру орындарының жолдамасының қаражаты да компания есебінен ұйымдастыру арнайы бағдарлама арқылы бекітілген.

Нақты сандарды сөйлетсек, 2019 жылы ардагерлерді қолдау мақсатында компания тарапынан 572 237 508 теңге қаражат игерілген. 2020 жылы осы мақсатта 733 566 910 теңге бюджеттен қарастырылып отыр. Бұл көмектер бір мезеттік емес, ұдайы көрсетілетін қолдаулар.

Тарихи құжаттарға назар аударсақ, 1987 жылы «Ембімұнайгаз» ӨФ-да Ардагерлер кеңесі құрылған. Ардагерлер кеңесінің басты мақсаты: ардагерлердің құқығын және мүддесін қорғау, оларды қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен қамту, шипажайларда ем алуын, жастарға патриоттық тәрбие беруге және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ардагерлердің үлесін ұйымдастыру.

Компанияға қарасты мұнай-газ өндіруші басқармалар мен қосымша құрылымдық бөлімшелерде оның филиалдары – бастауыш ұйымдар жұмыс істеді.

Бүгінгі таңда Ардагерлер кеңесі Атырау қаласы, Жылыой, Исатай, Мақат, Қызылқоға аудандарында тұратын компанияның 2000-нан астам ардагер-зейнеткерлердің басын қосып отыр.

Түйін. Үлкенге құрмет кішіге ізет көрсету - адамгершіліктің жоғарғы қасиеттерінің бірі. Қай халықтың болмасын түпкі тамырында үлкенді сыйлап, құрмет көрсету тереңде жатыр. Сол бір тамаша дәстүр «Ембімұнайгаз» АҚ-да бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.

Қайырымдылық

Мұнайшылар игі шараны жалғастырды

Коронавирус пандемиясы кезінде туындаған қиындықтарға жайықмұнайгаздық мұнайшылар да бей-жай қарай алмады. Өзге ағайындар сияқты қолдарынан келген көмектерін бір ортаға жұмылдыра білді.

Исатай аудандық дәріханаларында дәрі-дәрмектің тапшылығы қатты байқалып, аудандық провизорлық орталыққа көптеп науқастар түсіп, індет іргесін кеңге сала бастаған шақта Исатай ауданының тұрғындарына арнап үндеу тастаған болатынмын. Бұл үндеуімді аудан халқы қолдап, маған үлкен сенім білдіргеннің арқасында аз күн ішінде ауқымды көмек қаражаты жинақталды. Қаражат жинақталғанмен, бір адамның жүріп, бітіретін шаруасы емес екені белгілі. Осы сәтте ауданымыздың тұрғындары Мақсот Ислат пен мұнайшы Бауыржан Бақытжанұлы сынды азаматтар қайырымдылық шараларының бел ортасынан табыла білді.

Алдымен жүйелі жұмыс үшін атқаратын істерімізді жоспарлап, қайырымдылық іс шарасының жан-жақты ұйымдастыруды бастап кеттік. Сөйтіп, қайырымдылығымыз әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға және қазіргі көзге көрінбейтін жаудан қорғану майданында алдыңғы шептен табыла білген дәрігер мамандарға қолдау көрсетуден басталды.

Үндеу жариялана салысымен, Фэйсбук, Инстаграм әлеуметтік желілері арқылы «Қайырымдылық шарасына өз үлесімізді қосқымыз келеді» деген жомарт жандар көп болды. Сын сағатта аудан халқы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара білді.

Бұл шараны бастаған сәттен-ақ аудандағы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнайшы ардагерлері мен басқарма қызметкерлері де бірауыздан қолдап, мүмкіндігіне қарай қаражат жинап игі шарадан қалыс қалмады. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ

комитетінің төрағасы Айдарбеков Кенжебай ағамыз да Исатай аудандық орталық ауруханасына 1 дана оттегі концентраты аппаратын табыстап, біздің қолға алған игі бастамамызға үлкен қолдау көрсетті.

Аудан тұрғындарынан жиналған қаражат есебінен Исатай аудандық орталық ауруханасына 5 дана оттегі концентраты аппаратын, 300 дана дәрігерлерге бір реттік қорғаныш киімдері, 2000 дана бет-перделер мен 10 дана пульсоксиметр аппараттарын табыстадық. Сондай-ақ, аудандағы 7 ауылдық округіндегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған әр отбасыларды анықтап, тұрмысымен жеке-жеке танысып, оларға дәрі-дәрмектер мен азық-түліктер жеткізіп, қаржылай көмек көрсеттік.

Исатай ауданының жеті ауылдық округі дәрігерлік амбулаториясын қажетті пульсоксиметр аппараты, бетперде-лер мен бір реттік дәрігерлік қорғаныш киімдерімен қамтыдық.

«Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, мұнайшы ардагер Ботагөз Құлғалиева, мұнайшылар Әбілхасым Шартиков, Мұхаммедрахим Оралбеков, Дәурен Сайпеденов сынды азаматтармен ақылдаса отырып қыруар жұмыс атқарылды.

Бір ауыз жолдау сөзге үлкен қолдау көрсетіп, маған үлкен сенім білдірген аудан халқына шексіз ризамын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Мұнайлы өлкеде мұнайымыздың өнімі еселенсін!

Роберт ГУМАРОВ,
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы материалдық-техникалық жабдықтау қоймасының қоймашысы.

Мұнайшы қыздардың еңбегіне - жоғары марапат

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұсынысымен бір топ мұнайшы қыздар KAZENERGY Ассоциациясының жоғары марапатына ұсынылған еді.

2018 жылдың 8-наурыз - Халықаралық әйелдерді қорғау күніне орай «Embімұнайгаз» АҚ-да алғаш рет «Мұнайшы қыз» қыз-келіншектер клубы құрылған болатын. Мұнайшы қыздардың кәсіби ізденісін арттыру, сол арқылы ұжымда еңбек көрсеткішін өсіру, мұнайшы қыз-келіншектердің жан-жақты дамуына жол ашу, олардың күнделікті өмірде белсенділігін арттыру мақсатында «Мұнайшы қыз» клубы ұжымдағы ішкі коммуникацияны дамыту аясында көптеген іс-шаралар ұйымдастырды.

Алғаш ретЕмбі өңірінде өткен «Мұнай-газ саласындағы мұнайшы қыздардың ролі» атты республикалық конференцияға еліміздің мұнай-газ секторында еңбек етіп жатқан 150-ге тарта белсенді қыз-келіншек бас қосты. Компанияға қарасты барлық басқармаларда еңбек етіп жатқан қыз-келіншектер арасында тернинг-семинарлар ұйымдастырылды. Аталған шараларembілік мұнайшы қыздардың өз күшімен, олардың белсенділігімен тиімді нәтижесін тапқандығын атап өткен жөн. Ішкі коммуникацияны дамыту мақсатында ұйымдастырылған шаралардың бел ортасынан табыла білген бір топ embілік мұнайшы қыздар мұнайшылар күніне орай жоғары марапаттарға ие болды.

Табысты еңбегімен, ұжымдағы белсенділігімен ерекшеленген «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының мұнай дайындау және айдау цехы химиялық зертханасының инженер-химигі Ақмарал Усалиева KAZENERGY Ассоциациясының мерекелік медалімен марапатталды.

«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасы зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу шебері Алмагүл Нұржанова, «Embімұнайгаз» АҚ күрделі құрылыс департаментінің директоры Гүлнар Мусина, «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасы мұнай дайындау және айдау цехы химиялық зертханасының химикалық анализдің зертханашысы Лаура Рабаева грамотасымен, ӨТҚжЖК басқармасы қойма және жеткізу бөлімінің тауарлар мен материалдар қоймасының меңгерушісі Анаргүл Маженова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасы Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орнының мұнай және газ өндіру цехы №4 бригадасының мұнай және газ өндіру жөніндегі 3 разрядты операторы Нұргүл Әділова, «Embімұнайэнерго» басқармасы «Мақат» аудандық электр торабының электр қондырғыларын жөндеу және қызмет көрсету 4 разрядты электромонтері Бибігүл Ұлжанова, «Embімұнайгаз» АҚ көлік департаменті мониторинг және көлік есебін жүргізу бөлімінің инженері Батиха Жантоқова Алғыс хатпен марапатталды.

Мұнайшы қыздарды жоғары марапаттарымен құттықтап, еңбектеріне толымды табыс, дендеріне мықты саулық тілейміз.

Марапат құтты болсын, әріптестер!

Құрмет

Embілік ардагерлер

Тарихта із қалдырған қайсар геолог

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ қызына қайсарлық пен батылдық қашанда тән болған. Ел басына күн туған шақта жанарында жалыны бар қазақ қыздары ерлермен қатар бір шептен табылса, жеті қат жер астынан қазына-байлықты игеретін мұнай-газ саласында да әйел адамдар ер адамдармен иық тіресе абыройлы еңбек етуде. Бүгінгі кейіпкеріміз – ардагер геолог Нұржауған ДЖАТИМОВА ғұмырының 40 жылдан астам уақытын осынау жерасты байлығын халық игілігіне жаратуға арнады. Ауа-райының қарлы бораны мен жауын-шашынына қарамастан, бар күш-жігерін қиындыққа қарсы қоя білді. Бұған қоса, тағдырдың ауыр тауқыметін тартып, жастайынан (*33 жасында – ред.*) жолдасы ерте дүниеден өтіп, 4 баламен қалса да, еңбектен еш қол үзбей, барлық жауапкершілікті нәзік иығымен көтере біліп, еш мойымады. Алға ұмтылды.

Өзі туралы

Нұржауған Аманқызы 1960 жылы қасиетті мекен Доссор топырағында дүниеге келіп, орта мектепті үздік бітірген. Болашағынан жарқын үміт күтетін жауқазын қыздың алдында екі таңдау тұрды. Оның бірі – адам өміріне араша түсу жолындағы дәрігер мамандығы болатын. Бірақ, жас түлек Доссор кәсіпшілігінің алғашқы жылдарында қарапайым жұмысшы болып еңбек еткен атасы салған сара жолды, мұнайшы нағашыларының ізін жалғап мұнайшы мамандығын таңдады. Сөйтіп, арман алға жетелеп, Алматыға В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына «Мұнай мен газ кен орындарын қазудың технологиясы және комплексты механикаландыру» мамандығы бойынша оқуға түседі. Оқуды сәтті аяқтап, жолдама бойынша өзі туып-өскен Доссорға келіп, «Доссормұнайгаз» басқармасына 5-разрядты оператор болып жұмысқа орналасады. Ал, 1985 жылы Ақтөбе облысындағы Кеңқияқ кен алаңына аға технолог болып ауысып, араға 2 жыл салып, «Теңізмұнайгаз» бірлестігіне геолог болып оралды.

Жастығына қарамастан, өз ісіне деген ұқыптылығымен және кәсіби біліктілігімен көзге түскен маманды «Теңізмұнайгаз» ӨБ басшылығы Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясының жобалау және игеру анализі бөлімінің бастығы етіп тағайындады. Теориялық білімін практикамен шебер ұштастыра білген маман аталған зертханада 2000 жылға дейін табан аудармастан қызмет етті.

Бұл жылдары көптеген жобалар жасақталды. Соның ішінде, Ақінген кен орнының техникалық схемасын жасақтауға және бірнеше кен орындарының қорларын есептеуге сүбелі үлес қосып, Аққұдық кенішінің тәжірибелік-өндірістік жобасын дайындауға жетекшілік етті. Бұл деректер қазір мұрағатта сақтаулы. Бүгінгі таңда бұл кеніштер өндірістік жоспарды сәтті орындап келеді. Сол жылдары «Құлсарымұнайгаз» бен «Прорвамұнайгаз» басқармаларының бірігуі нәтижесінде «Теңізмұнайгаз» таратылып, Embіге қарасты «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ құрылғаны белгілі. Нұржауған Аманқызы зерттеу жұмыстары цехының инженер геологы болып осы басқармада еңбегін жалғастырды.

Кейіпкеріміз өзінің геолог маман ретінде қалыптасу жолы Embі өңірінде өткенін мақтанышпен айтады. Ол кездерде өндіріс жұмысының толықтай қол күшімен жүзеге асатынын еске алады. Автоматты жүйе деген атымен жоқ..

«Геология – мен үшін дәрігер мамандығы секілді қызығы мен қиындығы қатар жүретін сала. Әсіресе, далалық аймақта жиі іс-сапарда боламыз. Түрлі тұрмыстық қиындықтар болғанымен, жұмысшылар еш мойымайтын. Еңбек еткен кезеңдердегі сол қиындықтар бүгінгі күні «көрген түстей» өте шықты. Өткен жылдарға кейін қарайласам, өмірдің бір дәуірені өтіп кеткендей сезімде боламын» деген сөзінің бүгінгі жас мамандарға үлкен өнеге екені даусыз.

Өзіне тапсырылған қандайма жұмыс болмасын, барлығын да абыройлы атқара білген Нұржауған Джатимова 2018 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Мұнай-газ саласына 40 жылдан астам өмір жолын арнау – әрбір адамның сол мамандыққа деген қызығушылығының, құрметінің айғағы. Өмірінің айтулы кезеңі – қызығы мен қиындығы, балаларының туып-өскен жері Жылыой өңірінде өткендіктен, «бұл мекен мен үшін ерекше ыстық» дейді ол.

Адал еңбек ескерусіз қалмайды

Өз ісіне деген адал еңбек жоғары жақтың назарынан тыс қалмады. Нұржауған Джатимова абыройлы қызметінің арқасында әлденеше рет мерекелік медальдармен, мерейтойлық төсбелгілермен, Құрмет грамотасы, Алғыс хаттармен марапатталды. Марапаттары туралы әңгіме қозғалғанда, біздің кейіпкеріміз «ол – ұжымның ортақ табысы» деп, ұзақ жылдар бір саптан табылған әріптестері мен жол сілтеген Мәлік Көптілеуов, Рамазан Сарғұнанов сынды ұстаздарының есімдерін мақтанышпен айтады.

- Бұл есімдерді бүгінгі жас мамандар ұмытпауы керек. Олардай білгір мамандардың еңбегінің арқасында Embі өндірісі игерілді. Еңбек жолымда шәкірттер де тәрбиеледім. Жобалау зертханасынын геологі болып еңбек етіп жүргенімде «МИКОН», «АМТ-08» т.б., тереңдетілген манометрді алғаш өндіріске енгізу жұмыстарын жүргіздік. Сол кезде Қанатбек Қасымғалиев (қазіргі ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – ред.) оқуды аяқтап, практикаға өндіріске келіп, Терең-Өзек, Қаратон кеніштерінде тәжірибеден өтті. Сондай-ақ, Сырымбек Сәрсембаев (қазіргі «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ кеңесінің төрағасы - ред.) та мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етіп, бірлесіп жұмыс жасадық. «Жас келсе – іске» демекші, қазір сол жас мамандар өз біліктіліктерінің арқасында жетістікке жеткендерін көріп қуанып отырамын, - деген пікірін де нықтай түсті біздің кейіпкеріміз.

Ақталған маңдай тері

Қазіргі таңда Нұржауған Аманқызының ұрпағының әрқайсысы өз орнын тауып, маман иелері атанып, бейнеттің зейнетін көріп отыр.

- Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қалыптасу жылдары жалпы ел үшін оңайға соқпағаны белгілі. Менің өмірімде де 1993 жыл ең күрделі кезең болды. Науқастан кейін жолдасым қайтыс болып, 4 кішкентай баламен қалдым. Үлкені 10 жасқа да тола қоймаған сол кезде... Сондықтан, кері шегінерге жол жоқ. Бар мақсатым – балалардың жарқын болашағы үшін уақытпен санаспай еңбек ету болды.

«Ай-хай, 25...» деп жырлайтын кезеңді мен күрсіне еске аламын. Мен үшін өмірімнің ақ парағы 45 жастан асқанда ашылды. Өйткені, балаларым сол кезде «аяқтанып», иығымнан ауыр жүк түскендей болды», - деп, ол сол жылдарды еске алды.

Халқымызда «арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, соңғы дөңгелек те солай жүреді» деген қанатты сөз бар. Ана төккен маңдай тері текке кетпеді. Балалары білім алуда алғыр шәкірттер атанып, кәсіби маман иелері атанды. Қазіргі таңда үлкен қызы Анжела «Теңізшевройл» мекемесінде, екінші қызы Альбина «FIOC» Қытай мұнай өндіру компаниясының филиалында еңбек етуде. Кіші қызы Айнұр Ақтау қаласында теңіз портында қызметте. Жанұялары, бала-шағалары бар. Ал, ұлы Артур Жаңабайұлы Дінғалиев мұнайшылар династиясын жалғап, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңдары тобында аға геолог болып жұмыс жасап келеді.

- Балаларымның тәрбиесінде аса мән бергенім – олардың шаруаға бейім өсулері мен адал еңбек ету. Адал еңбек, маңдай терімен келген табыс қана адамды игілікке жеткізеді,- дейді embілік ардагер геолог.

Первые нефтеперегонные заводы на Эмбе и почему задерживалась зарплата нефтяникам

Мы продолжаем публиковать летопись становления нефтяной Эмбы, в основу которой легли архивные документы 20-х годов прошлого века. В сегодняшнем очерке о налаженных товариществом Нобель системах транспортировки и переработки эмбинской нефти в дореволюционный период и трудных годах восстановления данной инфраструктуры после Гражданской войны.

НАЦИОНАЛИЗИРОВАННАЯ ЭМБА ПРИСТУПАЕТ К РАЗВЕДОЧНЫМ РАБОТАМ

Стабильная добыча нефти в Урало-Эмбинском районе возобновилась к 1923 году. Согласно программе добычи нефти по промыслу Доссор на 1923-24 гг. планировалось добыть 8.108.323 пудов нефти. Из общего количества добытой нефти за 6 месяцев года, 34,8% - получено компрессорами из 8 скважин, из которых 2 - эксплуатировались исключительно для откачки воды. Глубокими насосами эксплуатировались 53-55 скважин, которые дали 60,4 % общей добычи. Остальная нефть в объеме 4,8% получена при пробном тартании, которое производилось в новых скважинах до их перехода в постоянную эксплуатацию компрессорами или глубокими насосами. Часть объема была выброшена фонтанами и собрана из ловушек и шахт.

В связи с улучшением финансового положения операционный год - 1923-24 гг. стал первым со времени национализации района, когда было принято решение вновь приступить к дальнейшему систематическому бурению на промысле Доссор и развитию разведочных работ в районе.

Начать реализацию намеченной буровой программы удалось благодаря улучшению транспортного и материального снабжения промыслов. И хотя за 1 полугодие было пробурено 45,2% от планового объема скважин по Доссору и 32,1% по Тас-Кудуку, это объяснялось затруднениями, больше связанными с климатическими условиями.

КАК ВОССТАНАВЛИВАЛАСЬ ТРАНСПОРТИРОВКА НЕФТИ ИЗ ЭМБЫ?

Одной из проблем послереволюционной Эмбы был значительный перерасход нефти из-за утечек из двух нефтепроводов, построенных нефтепромышленными обществами до октябрьской революции: с промысла Доссор в Ракушу (65 км) и морского нефтепровода, от 2 нефтеперегонных заводов до морских барж (16 км). С окончанием навигации в 1923 г. начались ремонтные работы на трубопроводе Доссор-Ракуша с заменой значительного количества старых труб новыми. Работы продолжились с 16 ноября по 28 марта 1923 г. В этот период было развернуто 2.700 труб, поставлено 830 штук новых труб, снято - 101 штук флянцев низкого давления и установлено 40 штук высокого давления, поставлено 3.250 стоек и 1.625 перекладов.

Был произведён ремонт и морского нефтепровода – установлены 7930 стоек и 465 перекладов в морской части обоих нефтепроводов. В первом квартале операционного года перекачка нефти из Доссора по нефтепроводу производилась только в октябре и ноябре и возобновилась только 15 марта 1924 г. для передачи за зиму запасов нефти в Ракушу для предстоящего вывоза с открытием навигации. Всего за этот период по двум нефтепроводам было перекачено 3.848.465 пудов, объем утечки составил - 100.140 пудов или 2,6 % от количества нефти.

Всего в течении всей навигации 1924 года из Доссора на станцию Ракуша было перекачано 5,8 млн. пудов, или 95 тыс. тонн, из Ракуши на морские суда – 4,7 млн. пудов, или 77,8 тыс. тонн. По состоянию на тот же год перекачивающая станция Ракуша имела достаточно хорошо оборудованные нефтехранилища, общей емкостью резервуаров до 10 тыс. пудов или 164 тыс. тонн нефти, соответствующие машины и техническое оборудование для приема и перекачки всей добываемой нефти на промысле Доссор.

В 1926 г. появился речной порт в Гурьеве, с 1927 г. начались регулярные речные перевозки по Уралу на участке Гурьев-Уральск. Район деятельности пароходства: Гурьев-Оренбург (1741 км), Астрахань-Гурьев (528 км) и Гурьев – Жилая Коса – Прорва (240 км).

ЧТО ПРОИЗВОДИЛИ ПЕРВЫЕ НЕФТЕПЕРЕГОННЫЕ ЗАВОДЫ НА ЭМБЕ?

Еще до революции товариществом «Бр. Нобель» для переработки эмбинской нефти в Ракушенской пристани были построены 2 нефтеперегонных завода - Константиновский и Варинский, позже имени 23 казненных коммунаров, называемые в народе «керосинками».

Реализация нефти и горюче-смазочных материалов приносила обществам немалую прибыль с учетом постоянного повышения цены на них, особенно в годы Первой Мировой войны. Если в 1904 г. сырая нефть стоила 15 копеек за пуд, керосин стоил – 21 копеек за пуд, то к 1913 г. цена на нефть составила 42,5 копеек и 53,2 копеек за пуд керосина. Несмотря на изданное государством первое «Обязательное постановление», устанавливавшее высшую предельную цену для сырой нефти в местах добычи в размере 45 копеек за пуд, к маю 1915 г, спустя 8 месяцев после начала войны, цена керосина достигла 144 копеек за пуд. Чистая прибыль «Бр. Нобель» возрастает с 18,2 млн. руб. в 1913 г. до 21,4 млн. руб. в 2015 г. С началом Первой мировой войны прибыли товарищества превратились в сверхприбыли, т.к. Россия оказалась отрезанной от английского угля, и правительство постоянно требовало увеличения поставок нефти. Цена каждой акции в 1916 г. выросла до 1025 руб., т.е. стала в два раза больше, чем в 1914 г. Основной капитал “Бр. Нобель” увеличился с 20 млн руб. в 1913 г. до 45 млн руб. в 1916 г. После того как в 1916 г. Эмануэль Нобель приобрёл контрольный пакет акций “Русской генеральной нефтяной корпорации” (РГНК), товарищество распоряжалось половиной российской нефтяной промышленности, а также контролировало или имело долю во многих нефтяных и транспортных компаниях.

О монопольном положении «Бр. Нобель» на рынке перегонки, переработки и транспортировки эмбинской нефти говорит тот факт, АО «Эмба» всю добытую нефть передавало на перегонку товариществу «Бр. Нобель», которое в свою очередь выкупало весь объем нефтяных продуктов, произведенный из этой нефти на своих заводах, за исключением необходимого для собственного потребления общества. При этом было оговорено, что «…в случае организации фирмой «Бр. Нобель» собственной торговли нефтью в п. Ракуша Общество обязуется торговли таковою не производить». С Каспия керосин и мазут нефтеналивными баржами доставлялись в город по Волге и Каме, а оттуда по Уральской горнозаводской железной дороге – в Западную Сибирь.

Работа заводов была остановлена в годы революции и Гражданской войны, но уже в первый стабильный операционный год - 1923-1924 гг., заводы перевыполнили план. Несмотря на то, что в первом полугодии на Константиновском заводе не работали 4 паровых котла, после их замены через перегонные аппараты завода было пропущено 1.185.680 пудов эмбинской нефти, что почти в 2,5 раза больше плановых 485.000 пудов. Линейка производимой продукции на заводах, помимо перегонки сырой нефти, включала очищенный и дистиллированный керосин и газолин.

В течении 2-го квартала оба завода перегнали 1.637.565 пудов эмбинской нефти вместо плановых 1.014.125 пудов, что составляет 161,4 %. Обоими заводами также было перегнано 1.017.985 пудов мазута и дистиллятов для получения масляных дистиллятов. Общие потери при производстве составили - 22.773 пудов или 0,9% от взятого в перегонку количества нефти.

ЭМБА НАРАЩИВАЕТ ТРУДОВЫЕ РЕСУРСЫ

Если на 1.10.1923 г. на эмбинских промыслах трудились 2.514 нефтяников и работников подсобных предприятий (675 квалифицированных и 1.437 неквалифицированных), то к 1.04.1924 г. численность занятых возросла до 2.884 человек (771 квалифицированных и 1.680 неквалифицированных). Число работников росло по мере развития буровых работ в Доссоре и Тас-Кудуке и связанных с ними работ по подготовке вышек и их оборудования, строительных и ремонтных работах, необходимых для подготовки жилых помещений на промыслах и восстановления механического оборудования, связанного с эксплуатацией промыслов, перекачкой и вывозом нефти.

Численность работников на тот момент была распределена следующим образом:

На промысле «Доссор» - 1.353 человека, которые обслуживали эксплуатационные и вспомогательные объекты промысла – мастерские, хозяйственную, продовольственную и материальную часть, службы медицинской помощи, образования и культуры.

На законсервированных промыслах находилось 44 человека, в Макате – 43 и 1 - в Новобогатинске. Большую часть составляли неквалифицированные кадры.

Один из важнейших объектов для транспортировки эмбинской нефти - пристань Ракушу с хранилищами, приспособлениями для перекачки нефти и жилые поселки обслуживали 313 человек.

В Правлении «Эмбанефть» в г. Гурьеве, в подсобных и хозяйственных предприятиях треста, на водном и сухопутном транспортах были заняты 1 274 человек, из которых 295 квалифицированных, остальные - неквалифицированные. Еще 3 работника Эмбы находились на Жилой Косе.

Гурьев на тот момент являлся морской пристанью и базой, куда прибывали все грузы технического и продовольственного снабжения и оборудования. Здесь базировались главные распределительные склады промышленных материалов и продовольствия, базы гужевого и автомобильного транспорта, механические и строительные мастерские, мельница для хлеба, молочная ферма, шорная парусная и кожевенные мастерские и база водного сухогрузного флота.

На средства «Эмбанефти» в Гурьеве в это время содержатся школы и больницы, обслуживающие потребности трудового населения нефтяных промыслов.

КАК ОПЛАЧИВАЛСЯ ТРУД ЭМБИНЦЕВ

Оплата рабочей силой в промысловом районе регулировалась Коллективным договором, заключенным сроком с 1.10.1923 по 1.05.2024 г. при ставке 1 разряда - 9 товарных рублей по индексам города Москвы с различными коэффициентами.

Однако, в этот период возникли трудности с оплатой труда эмбинских нефтяников ввиду дефицита денежных знаков в Гурьевских органах Наркомфина. На этот период пришлась денежная реформа с обменом старых обесцененных рублей «совзнаков» путём деноминации на новые и внедрением обеспеченного золотом червонца. Однако, из-за дефицита мелких номинаций для размена крупных червонцев и обесценивания совзнаков, эмбинские нефтяники несли потери в заработной плате. В связи с чем, в дополнении к существующему Коллективному договору, «Эмбанефть» заключила добавочное соглашение с работниками о переводе причитающейся зарплаты с совзнаков в червонные рубли по курсу на 18-е число месяца за первую половину и 3-е число следующего месяца за вторую половину месяца, а с 16-го января 1924 г. ставка была переведена окончательно в червонных рублях с базовой ставкой 9 червонных рублей для первого разряда при прежней сетке.

Московским Управлением «Эмбанефти» в течении второго квартала принимались меры для устранения разменного кризиса в Гурьеве - направлялись мелкие разменные знаки, при посредстве Наркомфина выписывались соответствующие предписания Кирнаркомфину о снабжении через Уральск Гурьевских учреждений нужным количеством мелких денежных знаков, что в результате привело к урегулированию ситуации.

Лаура СУЛЕЙМЕНОВА

(Продолжение следует).

Ембіліктер Жайық бойын тазалады

Жаз мезгілінде көпшілік жасыл желекке оранған табиғат аясына асығатыны хақ. Жасыратыны жоқ, өкінішке орай, кейбірі тек тынығып қана қоймай, демалыс мекендері – тоғайларға, өзен жағалауларға қоқыс қалдықтарын қалдырып кетеді.

Осы орайда, күз басталысымен Атырау аймағында демалыс күндері сенбіліктер өткізу қолға алынуда.

Қоршаған ортаны қорғау мақсатында ұйымдастырылған шарада мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен еріктілер, өндіруші кәсіпорындар қызметкерлері ұйымшылдықпен атсалысуда.

Иә, табиғатты, айналамызды таза ұстау - бұл да мәдениеттің бір түрі. Өткен сенбіде «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратының, «Ембімұнайэнерго» басқармасының және Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының 100-ден астам қызметкері «World clean up day» дүниежүзілік акциясына қатысып, Жайық өзені жағалауының бойын тазалады.

Аталған акция экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, қоқысты жинау және одан әрі өңдеу қағидаларын енгізу мақсатында барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылды.

Сенбілік аясында ембіліктер екі топқа бөлініп, Геолог және Алмалы елдімекендері бойындағы жағалауды қоқыс қалдықтарынан тазалады.

СЕНБІЛІКТЕР – ҰЖЫМДЫ БІРІКТІРЕТІН ҚҰРАЛДЫҢ БІРІ

Шынымды айтсам, сенбілікке шығуды бала кезімнен жақсы көремін. Мектеп кезінде сынып жетекшісімен бірге улап-шулап жүріп өзімізге берілген аумақты әп-сәтте тап-тұйнақтай жинап тастайтынбыз. Мұндай шараларды - ұйымдасудың бір тетігі деп есептейтінмін.

Міне, арада біраз уақыт өтті. Біраз ұжымда еңбек еттім. Есейдім, әр нәрсеге деген көзқарасым өзгерді. Алайда, сенбілік туралы бала пікірім сол өзгеріссіз күйінде қалды. «Ұжым болып сенбілікке шығамыз, көшет отырғызамыз, тазалық жұмыстарын жүргіземіз» деген хабарландыруды оқысам, қуанып кетемін. Бұл да бізді топтастырудың, бірлігімізді арттырудың бір тетігі деп қабылдаймын.

Өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ жас мамандары болып Жайықтың жағалауын тазаладық. Жайық - бүгінде барша атыраулықтарды алаңдататын мәселенің бірі деп есептеймін. Жұрттың алаңдаушылығын тудырып отырған өзекті мәселеге аздап та болса өз үлесімді қосқаныма ризамын. Уақыттың қалай өткенін де байқамай қалдық. Тіпті, шаршауды да сезбедік. Таза ауада пайдалы іспен шұғылдандық.

Гүлзада ГАБДУЛЛИНА,
келешекте дамыту департаменті
есептік жүйелер бөлімінің аналитигі.

ТАБИҒАТ АНАНЫ АЯЛАУ – ӘРКІМГЕ ПАРЫЗ

- Дүниежүзілік акция күні әлем бойынша миллиондаған тұрғын сенбілікке шығып, қоғамдық орындарды тазалауға шығады. Қоршаған ортаға үнемі ұқыптылықпен қарайтын Ембі ұжымы мұндай тазалық акцияларынан қалыс қалмай, үнемі қоршаған ортаны тазалауға үлес қосып келеді. Тазалық сенбілігі өтетіні жөнінде хабарлама келгеннен кейін ұжымымыз бірауыздан жағалауды қоқыстан тазалауға шықты. Тазалық сенбілігі аясында өзен жағалауынан бірнеше қорап полиэтиллен, пластик өнімдерімен мен құрылыс материалдарының қалдықтары жиналды. Сонымен қатар, табиғат аясында демалыстан соң кей адамдар орынды жинастырмай, тағам қалдықтарын да тастап кеткен. Бұл – өзімізге ой салар жағдай. Басты мақсатымыз - қоршаған ортаны қорғауға, әсіресе, жастарды тәрбиелеу. Бүгінгі экологиялық акцияға жастар, студенттер көп жиналғанын көріп қуанып отырмыз. Өйткені, кейінгі толқын осындай шараларды көріп өседі. Біз үлгі бола білуіміз керек.

Сұлтан НУКЕРОВ,
Равиль ЕРҒАЛИЕВ.
мұнай және газ өткізу
департаменті аға инженері,
сатып алу және жергілікті
қамту департаментінің инженері.

Отбасылық құндылық

Әріптесіміз - көп балалы әке

Көп балалы отбасылары - қоғамның мақтанышы. Жанұя бақытын алға шығарған отбасылардың бірі – ембілік мұнайшы Жарқын Темеевтің шаңырағы. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қызметкері Жарқын – көп балалы әке. Бүгінде жұбайы Аршағүл Сатымова екеуінің шаңырағында 8 бала тәрбие алуда. Айбөбек, Айсұлтан, Айтөре, Айхан, Әди, Аяна, Аяла, Алан бос уақыттарында пайдалы іспен айналысады. Әр бала – өз алдына бір әлем. Әрқайсысының өзіндік таланты бар. Мәселен, Айбөбек іс тігу, түрлі тағам дайындауға қызығушылық танытса, Айсұлтан мәнерлеп көркемсөз оқуымен және аздап жыр жолдарын жазуымен ерекшеленуде. Спортқа да бейім, әсіресе, футбол ойыны десе «ішкен асын жерге қояды». Бүгінде ол – Х.Досмұхамбетов атындағы университеттің студенті. Болашақ заңгер. Ал Айтөре ән салып, би билегенді ұнатады. Алматы қаласындағы «Самға, жұлдыз!» байқауына қатысып, 200 өнерлі сайыскер арасынан «Ән номинациясы» бойынша Бас жүлдені жеңіп алған. «Өнерді үйрен де жирен» демей ме. Бүгінде Айтөре гимнастикалық трюктерді, грэпплинг жасауға бағыт алды. Атырау қаласындағы С.Мұқашев атындағы политехникалық колледжінің студенті.

Айхан жауапкершілігі, тиянақтылығы жағынан бәрінен басым. Таэквондодан сары белбеу иегері. Әди киокушинкай каратэмен 2-3 жылдай айналысты, қазір футбол үйірмесіне қатысып жүр. Ұлдардың бәрінің де шахматпен әуестігі бар. Әсіресе, Айсұлтан жақсы ойнайды. Аяна болса, Гүлсина Байкенова мен Бибігүл Тлеубекова жетекшілік ететін би үйірмесінің «Сюрприз» тобында өнер көрсетеді. «Атырау балет» ұйымдастырған қайырымдылық концерттеріне белсене қатысып, алыс-жақын шетелдерге шығып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Былтыр ғана Ташкенттен жүлдемен оралып, «Сюрприз» тобы Түркияға жолдама алған. Суретші, қиялы ұшқыр.

Аяла көркем сөзді шебер оқиды, ән айтады, мың бұралған биге де қабілеті өте жоғары. «Сенім» мектебіндегі белсенді оқушылардың бірі.

- Жанұяда көп бала болсын, аз бала болсын, әр отбасының өз қиыншылықтары мен қызығы болады. Әр баланың өзіне тән мінезі бар. Ең бастысы – дендері сау, Аллаға шүкірміз! Әрқайсысының жеткен жетістіктері қуантады. Көп балалы отбасында балалар бірін-бірі бағып өсіреді, үлкендері кішілеріне қамқор, білмегендерін үйретіп, баулиды. Сондықтан, бір-біріне деген бауырмалдылығымен ерекшеленеді, - дейді көп балалы әке Жарқын Темеев.

Батырлар ерлігі - мәңгі есімізде



Менің әкем үлкен атамның бауырында өскен. Үлкен атамды көрмесем де әкемнің атам туралы соғыс кезіндегі өмірін баяндамақшымын. Атамның аты-жөні – Ғинаят Смағұлұлы Исмагулов. Ол 1926 жылы қараша айында Атырау облысы, Новобогат ауданының Жанбай ауылында Мыңтөбе деген жерде дүниеге келген. Атамның 7 жылдық білімі болған. Атам – Ұлы Отан соғысының тыл ардагері. Соғыс талай адамның балалық шағын ұрлағаны белгілі.

Ол 1942 жылы 7 жылдық мектебін бітіреді. Соғыс кезі болғандықтан, түске дейін мектепте оқыса, түстен кейін колхозда еңбек еткен. Ол кезде колхозда қарттар, әйелдер және балалар жұмыс істеген еді. Сұрапыл соғыс жылдары оларды ерте есейтіп қана қоймай, барлық қиындықтарды өздерінің мойнына алуға тура келген. Сол замандағы ауыл шаруашылығы жұмыстары өте ауыр болғанына қарамастан, колхоз жұмысына көмектескен.

1941 жылы соғыс басталған тұста атам небары 15 жасар бала болған. Соғыс кезінде жұмыс істеп, қой-жылқы баққан. Колхозда балық шаруашылығын дамытуға да атсалысты. Жұмыс тәртібінің қиындығы соншалық, себепсіз жұмыстан қалуға мүлдем болмады. Боранды күндерде талай рет жолдан адасып қалған кездері де болған еді.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмір заманында атам білімін қайта жалғастырып, есепші мамандығын меңгерді.

Кейін Забурын совхозында материалдық есепші қызметін атқарған. 1985 жылы «ДРСУ» мекемесіне бас есепші болып тағайындалып, бірнеше жыл абыройлы қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан. Ол еліне, халқына адал еңбек етті.

Әкемнің әңгімелерін тыңдай отырып, оның атама деген сағынышын іштей сеземін. Әкемнің айтуы бойынша, атамды ақкөңіл, еңбекке адал, еңбекқор, мейірімді жан ретінде білемін. Атам кітап оқығанды, күнделік жазғанды қатты жақсы көрген. Оның жазған күнделіктері мен оқыған кітаптары әлі күнге дейін үйінде сақтаулы тұр.

Атам 2002 жылы 9-сәуірде дүниеден өтті. Жыл сайын әулетімізбен атамызға арнап құран бағыштаймыз. Атамның ұрпақтары – біз оны жыл сайын еске алып, оның ерен еңбектерін ұмытпай, жадымызда сақтап келеміз.

Арайлым ЕРБОЛҚЫЗЫ,
Исатай ауданы,
Аққыстау ауылы.

«Мен соғысты көргенім жоқ,
Көргім де жоқ, көрмедім.
Соғыс ойынын ойнайтынмын,
(балалардың ермегі).
Қару алып, қан майданда,
Қас жауыма төнбедім,
Көрдім, бірақ, жесірлердің,
жетімдердің еңіреуін» - деп М.Мақатаев атамыз айтқандай, мен соғыстың не екенін көрмесем де, Ұлы Отан соғысына қатысты түсірілген көркем фильмдерді әкем көріп отырғанда соғыстың қаншама адамға қасірет әкелгенін, бейбіт жатқан елдерді зардап шеккізгенін, ананы баласынан, әкені бауырынан айырып, жылатқаның, жауынгерлер майданда қан кешіп, елде еңбектеген балаға дейін «Жеңіс үшін» деп еңбектенгенін көріп, соғыстың жаман нәрсе екенін кішкентай жүрегіммен сезетінмін.

Менің арғы аталарым да майданға аттанып, кәрі нағашы атам Зиден Қазазғалиев соғыста бірнеше рет жаралы болып, елге оралса, Сабыр Шортанбаев атамыз 1942 жылы хабарсыз кеткендердің тізіміне енді. Үлкендердің айтуы бойынша, әжеміз 1980 жылдарға дейін жұбайын кесіп қалар деп күтіп, терезе алдында телміріп, жол жаққа қарап отыратын.

Нағашы атамыз Зиден Қағазғалиев армия қатарына 1939 жылы шақырылып, әскер қатарында жүргенде 1941 жылы ҰОС-на аттанды. Қатардағы жауынгер ретінде соғыстың алғашқы жылынан бастап қиян-кескі ұрыстарға қатысып, Хабаровск, Смоленсктегі ұрыстарда болған. Бірнеше рет жаралы болып, ұзақ уақыт госпитальда емделді. Алған жарақаттың салдарынан соғысқа жарамсыз деп танылып, елге қайтарылған. Елге оралғасын да ел үшін еңбек етіп, 1971 жылы ҰОС мүгедегі ретінде еңбек демалысына шықты.

Нағашы атамыз соғыс туралы айтқанды жақсы көрмейтін. Бір ұрыста ауыр жараланған кезде оны екі санитар ит тауып алып, мойындарына байланған палатканың үстіне жатқызып, алып шыққан.

Фашизмге қарсы соғысқан еңбегі еленіп, Ұлы Отан соғысының I дәрежелі орденімен қоса бірнеше медальдармен марапатталған. «Жыл сайын 9-мамыр Жеңіс күні бүкіл орден-медальдарын тазалап, сүртіп кеудесіне тағып, көшеге шыққанда бір-біріне соғылып, күміс қоңыраудай сыңғырлап кетуші еді» дейді еске алушылар.

Осындай батыр аталарым туралы әңгімелей келіп, жер бетінде енді ешқашан мұндай соғыс болмасын деп тілеп, бізге бейбіт өмір сыйлаған аталарымызға мың тағзым дегім келеді.

Ұлжан АМАНҚОСОВА,
Атырау қаласы.

АНЫҚТАМА:
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, ***blog_emg@emg.kmgep.kz*** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.
Меншік иесі: «Embімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана
Редакцияның мекен-жайы:
Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.
Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177. L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121. G.Karajanova@emg.kmgep.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309 A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Редакциялық кеңес:
Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
С.Нақпаев - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;
Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:
«Ақ Жайық» ЖШС
Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев к., 71А
Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.